«8D02307 – Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Халым Ботаның «Мінез» концептісінің лексико-фразеологиялық сипаты (қазақ және ағылшын тілдері бойынша)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшем шарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	«Мінез» концептісінің лексико-фразеологиялық сипаты (қазақ және ағылшын тілдері бойынша)» тақырыбында орындалған диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес дайындалған.
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	«8D02307 – Қазақ филологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін мемлекет бюджетінен қаржыландырылған докторантура аясында дайындалған диссертациялық жұмыс.
		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	Диссертация тақырыбы ҚР Президентінің 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан

			мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауына кірген тіл саясатын іске асыру тарауында айтылған міндеттермен сәйкес келеді. Сондай-ақ, Қазақстанда ғылымды дамытудың 2024-2026 жылдарға арналған басым бағыттарына, оның ішінде «Елдің зияткерлік әлеуеті» бағыты бойынша көзделген мақсат-міндеттердің орындалуына өз үлесін қосады.
		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына **сәйкес** (бағытын көрсету) **келеді**.	Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен еліміздегі ғылым дамуының 7. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер басымдылығына сәйкес келеді.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған.	Диссертант Халым Бота өз зерттеуі барысында туыс емес қазақ және ағылшын тілдеріндегі «мінез» ұғымын айқындайтын лексика-фразеологизмдерді алғаш рет салғастырмалы түрде талдаған. Осы тұрғыдан алғанда диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлес қосып, маңыздылығы артады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) **жоғары**; 2) орташа; 3) төмен;	Орындалған ғылыми-зерттеу жұмысының дербестік деңгейі жоғары, академиялық жазу қағидаттары мен стилін меңгерген

		4) өзі жазбаған.	Автор ғылыми әдебиеттерге шолу жасай келіп, өз тарапынан «мінез, шын мәнінде, адамның жеке тұлғаға айналуының басты критерийі саналады» (30 б.) деген анықтама ұсынады. Диссертант жұмысында «Ұлттық таным» түсінігіне анықтама берген (46 б.).
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	Туыс емес қазақ және ағылшын тілдеріндегі «Мінез» концептісінің ерекшеліктерін этнолингвистикалық, семантикалық, лексикалық, лингвомәдениеттанымдық әдістер арқылы зерттеудің алғаш рет ғылыми-зерттеу нысанына айналуы – тақырыптың өзектілігін көрсетеді (7 б.).
		1) **негізделген;**	
		2) ішінара негізделген;	
		3) негізделмеген.	
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды және қорғауға ұсынылып отырған тұжырымдар зерттеу жұмысының мазмұнына сай белгіленген (11-12 бб.). Диссертация тақырыбы және оның ішкі мазмұны да «мінез» концептісін қазақ және ағылшын тілі материалдары негізінде салғастырмалы зерттеуге бағытталған.
		1) **айқындайды;**	
		2) ішінара айқындайды;	
		3) айқындамайды.	
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттері оның тақырыбымен толық сәйкес келеді. Зерттеу
		1) **сәйкес келеді;**	

		2) ішінара сәйкес келеді;	барысында диссертант қойылған мақсат-міндеттерге толық қол жеткізген (7-8 бб.). Диссертант «мінез» концептісін психологиялық, педагогикалық, дүниетанымдық, ұлттық мінез (49-60 бб.), екі тілдегі жағымды, жағымсыз мінезді сипаттайтын лексика-фразеологизмдер және зоонимді компонентті фразеологизмдерді, екі тілдегі көркем әдебиеттегі мінез ерекшеліктерін лингвомәдениеттану және этнолингвистика аспектісінен сипаттаған. Автор «мінез» концептісі бойынша ғалымдардың еңбектерін зерделей келіп, өз тарапынан «мінез – әр тұлғаның өзіне ғана тән мінез-құлық ерекшеліктері мен психологиялық қасиеттерінің жиынтығы ретінде күнделікті көрініс тауып отыратын күрделі үдеріс» деп анықтама берген (26 б.).
		3) сәйкес келмейді.	
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертациялық жұмыстың құрылымы кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Зерттеу жұмысында диссертант аталған бөлімдердің мазмұнын логикалық жағынан толық байланыстырған және жүйелі түрде берген.
		1) **толық байланысқан;**	
		2) ішінара байланысқан;	
		3) байланыс жоқ.	

		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Диссертанттың өзіндік пікірін білдіретін сыни талдау бар. Б. Халым ұсынып отырған жаңа шешімдер, қағидаттар мен әдістер диссертациялық жұмыста дәлелденіп, «мінез», «ұлттық таным», «ұлттық мінез» туралы айтылған өзге ғалымдардың пікірлері сыни тұрғыдан салыстырылып бағаланған. Диссертант өз тарапынан «ұлттық таным – бұл адамның өз ұлтына тән болу сезімі, онымен ынтымақтастық; бұл, ең алдымен, өз ұлтының өкілі ретінде өзін-өзі танудың когнитивті-эмоционалды үдерісінің нәтижесі» деп анықтама берген (42 б.). Диссертант ұлттық мінезді анықтайтын жалпы қағидаттарды анықтап, сызба түрінде ұсынған (49 б.). «Ұлттың өзін-өзі тану үдерісі деп ұлттық мінезді атаймыз» (55 б.). Зерттеу барысында ұлт тәрбиесі мен мінезін қалыптастырып, дамытуда Абай Құнанбайұлының қара сөздері сәтті талданған (33-35 бб.).
		1) **сыни талдау бар;**	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Зерттеу жұмысының нәтижелері мен тұжырымдары толығымен жаңа. Себебі, туыс емес екі тілдегі «мінез» концептісі лингвомәдениеттанымдық және
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

			дискурстық аспектіде алғаш рет талданды. Диссертацияның ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа екендігі ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда 6 мақала және халықаралық конференция жинақтарында 7 мақаланың жариялануымен расталады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа. Әр қорытынды жеткілікті түрде жасалған ғылыми талдауларға негізделген. 1)Ұлттық мінез ерекшеліктерінің сипатын көрсететін жалпы қағидаттарды сызба түрінде ұсынған (49 б.); 2) Қазақ және ағылшын тілдеріндегі жағымды және жағымсыз мінезді сипаттайтын лексика-фразеологизмдердің қолданылу мәніне қарай тақырыптық жіктелісі ұсынылған (64 -74 бб., 75-80 бб., 83-95 бб.). 3) Мінезді сипаттайтын зоонимді компонентті фразеологизмдерді зерделей келе, «жануардың бейнесі – әр ұлттың гумандық табиғаты мен өркениетінің айнасын көрсетеді»
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

			деген тұжырым жасайды (96 б.). Диссертант қазақ және ағылшын тіліндегі адамның мінезі мен қасиеттерін білдіретін (жақсы/жаман) зоонимді компоненттері бар фразеологизмдерді тақырыптық топтарға жіктеген (99-114 бб). 4) Зерттеуші қазақ халқының ұлттық мінезінің қалыптасуына негіз болатын ұлттық құндылықтар жүйесін көркем әдебиет материалдарына сүйене отырып талдаған (123 б.). 4) Мінез түрлерінің гендерлік ерекшеліктері көркем әдебиет негізінде зерделеніп, осы тілдік материалдарға сүйене отырып, әйелді және ерді сипаттайтын тілдік бірліктер анықталған (129-140 бб). 5) Мәдениетаралық қатысымдағы мінездің дискурстық сипаты үш түрге жіктеліп, тұрмыстық дискурс, публицистикалық дискурс, дипломатиялық дискурс, көркем дискурсқа сүйене отырып талданған (142-147 бб).
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Диссертация қоғамдық-гуманитарлық бағытта орындалғанына орай техникалық, технологиялық, экономикалық, басқару саласымен жанаспайды. Бірақ автордың алға қойған мақсаты
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

			өзгеше орындалуына байланысты тәсілдік жағынан «толығымен жаңа» деп санауға келеді.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	**Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген**/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Барлық қорытындылар, негізігі пайымдаулар мен тұжырымдар ғылыми тұрғыдан аса ауқымды лингвомәдениеттанымдық, этнопедагогикалық, дискурстық талдау, салғастырмалы тіл білімі т.б. теориялық-әдістанымдық дәлелдемелерге негізделген және эмперикалық зерттеулердің нәтижелерінен туындайды.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) **дәлелденді;** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) **жоқ;** 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) **ия;** 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	7.1. Негізгі қағидаттар **толық дәлелденген.** Диссертация көлемінде автор негізгі 6 қағидатты айқындаған. Бұл қағидаттар әрбір тараудағы зерттеу жұмысының нәтижесінен туындаған. 7.2. Әрбір қағидат **тривиалды емес** деп саналады. Автор қағидаттарды ерекше тәсілмен, жан-жақты қырынан қалыптастырған. 7.3. **Мейлінше жаңа.** Қазақ филологиясы саласындағы зерттеулерде осыған дейін осы диссертацияда талданған мәселелер арнайы қарастырылған емес. Сол себепті нәтижелері де жаңалығымен ерекшеленеді. 7.4. Қолдану деңгейі **кең**. «Қазақ және ағылшын тілдерінің фразеологиясы», «Салғастырмалы

		7.4 Қолдану деңгейі:	лингвистика», «Мәдениетаралық риторика», «Практикалық стилистика», «Лингвомәдениеттану» салаларында кеңінен пайдалануға болады. 7.5. 2022-2025 жылдар аралығында автордың 13 мақаласы жарық көрген. Осы мақалаларда диссертацияның негізгі тұжырымдары жан-жақты талданып, мамандар талқысына ұсынылған.
		1) тар;	
		2) орташа;	
		3) **кең**	
		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
		1) **ия;**	
		2) жоқ	
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Зерттеу жұмысының ғылыми-әдіснамалық негізі ретінде отандық және шетелдік ғалымдардың теориялық тұжырымдары мен ғылыми ізденістері басшылыққа алынған. Соның ішінде атап айтсақ, Ш. Уәлихановтан бастап, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбайұлы, Ш. Құдайбердіұлы, Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынұлы, Ж. Аймауытов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Т.У. Сарсенбаева, Р.Б. Абсаттаров, С. Нұрмақова, Ж.Ж. Наурызбай, С. Қалиұлы, Қ.Қ. Шалғынбаева, Ұ.Ә. Есім сынды т.б. ғалымдардың теориялық ойпікірлері мен негізгі тұжырымдамалары пайдаланылған. Сонымен қатар тақырыпқа қатысты шетелдік зерттеушілердің: Д.Б. Уотсон, З. Фрейд, А. Маслоу, А.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) ия;	
		2) жоқ.	

			Адлер, Дж. Келли, Ч. Дарвин, Э. Кречмердің, У.Шелдонның т.б., ресейлік зерттеушілерден Н.О. Лосский, П.Ф. Лесгафт, А.П. Нечаев, В.И. Страхов, Б.Г. Ананьев еңбектеріне сілтемелер берілген.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертация жұмысының нәтижелерінде компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманауи әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдаланғаны көрініп тұр.
		1) **ия;**	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Зерттеу жұмысында теориялық қорытындылар, тұжырымдар мен ұсыныстар нақты материалдарға, ғалымдардың пікірлеріне сүйене отырып дәлелденген. Диссертанттың өзіндік тұжырымдары «мінез» концептісін психологиялық, педагогикалық, лексика-фразеологиялық бірліктер, көркем әдебиетте суреттелуі, мәдениетаралық қатысымдағы мінездің дискурстық сипаты және гендерлік ерекшеліктерін талдауға негізделген. Жағымды мінезді сипаттайтын лексикалық бірліктер мен фразеологизмдер (2,3,4,5,6,7,8 кестелер) және жағымсыз мінезді сипаттайтын лексикалық бірліктер
		1) **ия;**	
		2) жоқ.	

			мен фразеологизмдер (10,11,12,13,14,16 кестелер) сонымен қатар, қазақ, ағылшын тілдеріндегі зоонимді компоненттері бар фразеологизмдердің (17,18 кестелер) автордың түсіндірмесі негізінде құрылған.
		8.4 **Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған** / ішінара расталған / расталмаған.	Автор зерттеу барысында мүмкіндігінше «мінез» концептісін әр қырынан сөз еткен отандық және шетелдік ғалымдар еңбектерін және эмперикалық дереккөздердің мәліметтерін талдау арқылы маңызды мәлімдемелер жасаған. Бұл әрбір тараудағы іргелі ғылыми әдебиеттерге жасалған сілтемелерден анық көрінеді.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу жасауға жеткілікті. Диссертациялық жұмыста отандық және шетелдік авторларды қоса санда 187 әдебиет қолданылған және барлығына сілтемелер диссертациялық жұмыстарды рәсімдеуге арналған талаптарға сай көрсетілген. Диссертациялық жұмыстың дәлелдемелері визуалды ақпараттармен толықтырылған, диссертацияда 10 сызба, 18 кесте қолданылған.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Зерттеу нәтижелері «мінез» концептісін лингвомәдениеттанымдық және
		1) **бар;**	
		2) жоқ.	

			дискурстық талдау тұрғысынан тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері этнопсихолингвистика, антропоцентристік лингвистика, стереотиптер теориясын жетілдіруге үлес қосып, коммуникативті сәтсіздіктер мен түсініспеушіліктерді талдаудың жаңа теориялық-методологиялық негізі болады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Жұмыс нәтижелерін жоғары оқу орындары студенттеріне арналған филология саласы бойынша арнайы курстар мен семинар сабақтар жүргізгенде кеңінен пайдалануға болады. Сондай-ақ, зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарының оқытушыларына, студенттері мен магистранттарға қажетті теориялық, практикалық көмекші құрал ретінде ұсынуға болады.
		1) **ия;**	
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Диссертацияның практикалық ұсыныстарының жаңашылдық дәрежесі толығымен жаңа. Диссертация нәтижелері жоғарыда аталған пәндердің теориялық және практикалық базасын нығайтады.
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Диссертацияның академиялық жазу сапасы өте жоғары деңгейде орындалған, ғылыми терминдерді және ұғымдарды орынды қолданған.
		1) **жоғары**;	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	

		4) төмен.	Б. Халымның диссертациялық жұмысы тұтас құрылыммен ерекшеленеді. Диссертацияда берілген 10 сызба және 18 кесте мазмұнды және талапқа сай рәсімделген. Б. Халымның диссертациялық жұмысындағы барлық нәтижелер жаңа, өзекті, негізделген және өзара байланысты болып табылады. «Мінез» концептісі туралы толық мәлімет алу мақсатыда лингвистика, когнитивті лингвистика, лингвомәдениеттану, психология, педагогика бағыттары басшылыққа алынған.
11.	Диссертацияға ескертулер		Диссертациялық зерттеудің оң нәтижелерімен қатар, ескертулер де бар. Алайда көрсетілген ескертулер диссертацияның ғылыми және практикалық маңызын төмендетпейді. **Ескертулер:** 1.Диссертация жұмысында орфографикалық қателер жіберілген (*өзектілін арттырады* – 7-бет; *мекеменің табалдырығын алғаш атаған* – 46-бет); 2.Диссертацияның 46-бетінде грамматикалық (*ағылшындар ұлтының*) және стильдік кемшілік байқалады (*тұрақтылығы мен бірқалыптылығын*);

			3) Тыныс белгі қате қойылған («а) әдеттер мен мінез-құлық – 50- бет).
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Докторанттың ғылыми жарияланымдары Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің талаптарына толық сәйкес келеді. Диссертацияның негізгі ғылыми-теориялық нәтижелері 13 мақалада жарияланған. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және Жоғары Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда 6 мақала жарияланды. Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда 7 мақала жарияланды. Диссертация жұмысы бойынша жарияланған барлық мақалалар зерттеудегі міндеттерді шешуге көзделген бөлімдерге сәйкес келеді.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Халым Ботаның зерттеу тақырыбы өзекті болып табылады және оның мақсаты, міндеттері, ғылыми жаңылығы, алынған нәтижелері мен практикалық маңыздылығы философия докторы (PhD) дәрежесін алуға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді. Диссертацияда «мінез» концептісінің ерекшеліктері жан-

			жақты талданып, теориялық және эмперикалық тұрғыдан негізделген тұжырымдар жасалған. Жұмыс ғылыми-зерттеу әдістерінің талаптарына сәйкес орындалған және аяқталған ғылыми еңбек болып табылады. Осыған орай, Халым Ботаның «8D02307 – Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша «Мінез» концептісінің лексико-фразеологиялық сипаты (қазақ және ағылшын тілдері бойынша)» тақырыбындағы диссертациясын жоғары ғылыми деңгейде орындалған деп бағалаймын және оны философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензент:
Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті,
қауымдастырылған профессор, доктор PhD

Куркимбаева Айжан Муратовна

Қойылған қолтаңбасын растаймын
Кадрлар бөлімінің инспекторы
Подпись заверяю
Инспектор отдела кадров